

**6D070600 – «Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау»
мамандығы бойынша PhD дәрежесін алуға ұсынылған
«Болжамдық критерийлерді таңдау үшін Атасу типіндегі полиметалл
кендерінің генетикалық сипаттамаларын талдау»,
Асқарова Назым Сражадинқызының диссертациялық жұмысына
ғылыми көнеші Копобаева Айман Ныгметовнадан
ПІКІР**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Орталық Қазақстанның тау-кен металлургия өнеркәсібін дамыту үшін пайдалы қазбалардың, оның ішінде қорғасын-мырыш кендерінің қорларын толықтыру шешуші мәнге ие.

Елдің полиметалл өнеркәсібінің минералды-шикізат базасының шиеленісті жағдайы қорғасын-мырыш кен орындарын болжау мен іздестірудің ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеуге және жетілдіруге негіз береді, бұл зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Ғылыми нәтижелердің жаңалығы

- Атасу типті полиметалл кен орындарының генетикалық ерекшеліктерін талдау негізінде іздеу-барлау жұмыстарын негіздеу үшін болжамды критерийлер құрастырылған және әдістемелік нұсқаулар ұсынылған;

- Гидротермалар ағынының тығыздығы мен ауыр күкірт изотопының $\delta^{34}\text{S}$ концентрациясының өзгеруін байланыстыратын математикалық модель құрастырылған;

- Жәйрем кен орнының кендері үшін қорғасын-барит кендеріндегі күмістің құрамымен корреляциялық талдау (гидротермиялық кенденудің екінші кезеңі сферерит-галенит-барит қауымдастырын қалыптастыратын) жасалынған.

Практикалық және теориялық маңыздылығы

Қалыптасқан іздестіру белгілері кеңістігі стратиформды барит-полиметалл кендеріне, атап айтқанда, нашар зерттелген Сарысу-Теңіз рифтогендік құрылымға қатысты болжамды-іздестіру жұмыстарының ұсынымдарын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері 13 ғылыми еңбекте, оның 4-і КР ФЖБМ ФЖБССҚЕ-мен ұсынған басылымдарда, 5-і қазақстандық және шетелдік халықаралық конференциялардың еңбектерінде және 4-i Scopus және Clarivate Analytics базасына кіретін мақалаларда жарияланған.

Жүргізілген зерттеулер, алынған нәтижелер мен тұжырымдар осы диссертация авторының жеткілікті ғылыми жетілуін көрсетеді.

Асқарова Назым Сражадинқызының диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми еңбек болып табылады, өзекті, зерттеу нәтижелері ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады. Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті PhD философия докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі диссертацияларға қойылатын талаптарына жауап береді және қорғауға ұсынылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Асқарова Назым Сражадинқызы 6D070600 – Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін беруге лайық деп есептейміз.

Ғылыми кеңесші:

Әбілқас Сағынов

Қарағанды

техникалық университеті ГПККОВ
кафедрасының доценттің м.а., PhD



А.Н. Копобаева

РАСТАЙМЫН
ӘЖД директоры

Одай